

## Қаракемер мектеп-балабақшасының 2022-2023 оқу жылындағы 7- сыныптың тәрбие жұмысының талдауы.

Оқу жылының I жартысындағы сыныптың тәрбие жүйесін жоспарлау мен тиімділік мақсатын талдау бойынша оқушылардың дамуында әлеуметтік жағдайының динамикасын талдау:

Барлық 8 оқушының 6 қыз, 2 ұл.

Көп балалы отбасынан- 6 бала

3.Сынып ұжымы дамуына талдау:

Сыныпты жалпы зерттегенде сыныпта белсенді бірнеше оқушылар бар. Сыныптағы оқушылардың бір-бірімен қарым-қатынасы өте жақсы, қалыпты. Сыныптың топ басшысы Жақсылыққызы Альмира және бірнеше сынып белсенділері бар. Сыныптың рухани-психологиялық ауа-райы, оқушылардың қарым-қатынастық мінезі – қыз балалар өзара да, ер балалармен де сыпайы қарым-қатынаста. Қыз балалар сынып ішінде шешім қабылдағанда басымдылық көрсетеді.

Сынып оқушылары қазақ тілінен, орыс тілінен, технология және дене шынықтыру пәндерінен қосымша сабақтарға қатысады.

Оқушылар апталықтарға, мектептің түрлі іс-шараларына қатысып, белсенділік таныта білді.

4.Мектеп өміріне сынып оқушыларының қатысуын талдау:

Мектеп шараларында сынып оқушыларының қатысуға қызығушылығы бар, белсенділік көрсете біледі. «Алтын күз-2022» байқауына Жақсылыққызы Альмира қатысып, алғыс хатқа ие болды. Еңбек пәнінен қосымша сабақтарға қатысатын Мұхамбетқал Медет облыстық сертификатпен марапатталды.Мектепішілік “Абай оқулары» оқу жарысынан Еламанов Арслан 2 -орын алды.

5.Сынып оқушыларының дамуына талдау:

- Оқушылардың көркем-эстетикалық, еңбек және шығармашылық таным деңгейі, сынып кабинетінің тазалығын ұстау, мектеп формасын кию, сынып кезекшілігін жауапкершілікпен атқаруда, сенбілік жұмыстарын жүргізуде олардың еңбек, көркем –эстетикалық деңгейін өте жақсы деп бағалауға болады.
- Оқушылардың әлеуметтік- мәдени өзгерісінің дамуына мектепте өтетін іс-шараларға қатысады

6.Отбасы мен педагогикалық қарым-қатынастың талдануы

Оқушы ата-аналарының сыныптың тәрбиелік қызметіне әсері бар. Сыныптағы ер балалар мен қыз балалардың қарым-қатынасының қалыптасуында кемшіліктерді жоюға, болдырмауға, тәрбие туралы әңгіме өткізуге ата-ана Жолбаева Гүлдана., Тұрлыбаева Гүлсім ат салысты

7.Сынып жетекшісінің тәрбие жұмысының тиімділігі мен сыныптағы тәрбие үрдісінің ұйымдастырылуына талдау:

- Сынып жиналысы, қыздар жиналысы, ұлдар жиналысы өткізілді.

Сынып оқушыларының бойына өз еңбегімен қатар өзгенің еңбегін қадірлеуге, тұрақтылықтылықтың тиімділігін білу, әділдікті сүю, өз ойын еркін айту сияқты қасиеттердің қалыптасуына үлес қостым. Олардың жеке тұлға ретінде қоғамының бір мүшесі екенін ұғындыра білдім деп айта аламын.

Сыныпта тәрбие жұмысы «Ұлттық сана – сезімі мол, рухани деңгейі биік, іскер, еңбеккер, отансүйгіш, табиғи әдепті де ізетті ұрпақ тәрбиелеу» өзекті мәселесін басшылыққа ала отырып, 3-тоқсанда да сыныбымыз үздіксіз жұмыс жасады. Жылдық жоспарға сәйкес іс-шаралар өз уақытында өткізіліп отырды. Атап айтқанда, *Қазақстандық патриотизм және азаматтық тәрбие, құқықтық тәрбие бағыты бойынша «Алғысымыз шексіз сізге - Ана»* атты мерекелік іс- шара, «Құқық бұзушылыққа жол жоқ»тақырыбында конференциялық сабақ,



*рухани адамгершілік тәрбие бағыты бойынша* «Діни экстремизм – бейбітшілік пен тұрақтылыққа төнген қауіп» тақырыбында жеке жұмыстар жүргізілді.

«Атаның сөзі – ақылдың көзі» тақырыбында сабақ, *отбасы тәрбиесі саласы бойынша* «Мен және менің отбасым» сабағы, *Еңбек, экономикалық және экологиялық тәрбие бойынша* «Табиғаттан не алдым, табиғатқа не бердім?», «Табиғаттың тарылтпайық тынысын» тақырыбында танымдық сабақтар өткізілді.

*көпмәдениетті және көркем - эстетикалық бағыты бойынша* «Әдептіліктің алтын ережелері» атты тақырыпта танымдық сабақ, *дене тәрбиесі, салауатты өмір салты бағыты бойынша* «Салауаттану – болашағыңды сәулелендіру» тәрбие сағаты, «Салауатты өмір - көтеріңкі көңіл» атты сынып сағаттары өткізілді.

Сыныпта оқушыларға үнемі көңіл бөлініп отырады. Әлеуметтік мәртебесі бойынша саралағанда, жартылай жетім, толық емес отбасы балалары жоқ. Барлығы да толық қанды отбасында тәрбиеленуде.

Сынып оқушылары мектепшілік іс- шараларға да белсене атсалысып отырады. Атап айтқанда, мектебімізде «Дүниежүзілік тұтынушылар» күніне орай ұйымдастырылған жәрмеңкеге де 7-сынып оқушылары өте белсенді атсалысты.

Мектеп кітапханасының тұрақты оқырмандары болып 6 оқушы тіркелген. Сондай – ақ 5 оқушы аудандық кітапхананың оқырманы болып тіркелген. Сыныпта оқушылардың кітап оқуын жүйелеу мақсатында арнайы дәптер басталды.

Медбикемен бірлікте сынып оқушылары ағымдағы медициналық тексеруден өткізілді, сондай – ақ талап еткен құжаттар және анализ қорытындылары беріліп отырды, дәрігерлік кеңес жүргізілді, диктант алынды) (жеке бас гигиенасы және жұқпалы аурулар және олардың алдын алу туралы).

Оқушылардың сабаққа қатысуы бойынша арнайы сүзгі дәптері басталған. Медбикемен бірлікте сабаққа қатыспаған оқушы дер кезінде анықталып отырады.

Сынып жетекші: А.Қ Оспанова